

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» МЕКЕМЕСІ

ИНЖЕНЕР ФАКУЛЬТЕТІ



*«Компьютерлік инженерия» кафедрасы*

УДК 004.658.6

Қолжазба құқында

**Омаров Бақтияр Шайманұлы**

---

(Магистранттың аты-жөні )

**ОҚУ ҮРДІСІНІҢ КӨПМАҚСАТТЫ  
АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ONLINE ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ**

---

(Магистрлік диссертацияның тақырыбы)

6M070400– «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»  
мамандығы бойынша техника ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін  
алуға ұсынылған диссертация

Қаскелең, 2013

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» МЕКЕМЕСІ

ИНЖЕНЕР ФАКУЛЬТЕТІ



«Компьютерлік инженерия» кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»  
Жауапты кафедра меңгерушісі  
Ғ.ғ.д., профессор Е.Н.Әмірғалиев

«10» 06 2013 ж.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім  
беру департаментінің меңгерушісі,  
ф.ғ.к. Айдоғду Шабан

«\_\_» 2013 ж.

Магистрлік диссертация

**ОҚУ ҮРДІСІНІҢ КӨПМАҚСАТТЫ  
АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ONLINE ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ**

Мамандығы: 6M070400– «Есептеу техникасы және бағдарламалық  
қамтамасыз ету»

Магистрант

  
(колы)

Омаров Бақтияр Шайманұлы

(аты-жөні)

Ғылыми жетекшісі

  
(колы)

Ғ.ғ.д., профессор Әмірғалиев Е.Н.

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

Қаскелен, 2013

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мектеп оқушыларының білім алуы мемлекетіміздің болашағы, әрбір отбасының болашаққа деген үміті. Осы орайда қазіргі нарықтық заманда барлық дерлік ата-аналардың өз бүлдіршіндерін толықтай бақылауға алуға мүмкіндіктері жоқтың қасы. Барлығы дерлік жұмыста. Мектеп әкімшілігі, ұстаздары мен ата-аналар арасындағы байланыс әрдайым жоғары дәрежеде болуы керек. Кейде баланың білім алуы күрт төмендеп кетеді. Осы мәліметтерді ата-аналарға әрдайым қолжетімді қылудың бірден-бір жолы интернет желісін пайдалану арқылы болып отыр.

Қараусыз қалған баланың сабақтардан алыстап, дұрыс жолды емес бұрыс жолды таңдауы әбден мүмкін. Мектеп, ұстаз және ата-ана қадағалауында болатын оқушыға дер кезінде көмек көрсетуге болады. Тәрбие мен білім әрдайым бірге жүретін ұғым.

Бұл диссертациялық жұмыстың мақсаты интернет желісінде мектеп оқушыларының үлгерімі, емтихан нәтижелері, олимпиадаға дайындықтары, 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындықтарының нәтижелелерінің берілгендер қорын құрып әрдайым оқушы мен оның ата-анасына қолжетімді ету.

HTML, PHP және MY SQL сияқты веб программалауға арналған тілдердің көмегімен осы қойылған мақсатты шешу бағытында веб сайт дайындалған. Онда жоғарыда аталған мәліметтермен қатар оқушы өтілген тақырып бойынша өзінің қаншалықты түсінгенін бақылау мақсатында онлайн режимінде тест емтиханын тапсырып нәтижесін көре алады.

Қазіргі таңда электронды үйрену өте қарқынды дамып келе жатыр. Себебі бүкіл балалар техникаға, оның ішінде компьютер мен интернет желісіне өте қатты қызығады. Осы қызығушылықты пайдаланып оқушыларға білім беру қазіргі таңдағы ұстаздардың басты міндеттерінің бірі.

Оқушылар интернетті тек хат, хабар алысу үшін ғана емес, оны өз білім дәрежесін бақылайтын орта, өз-өзін сынайтын ортаға айналдыру көзделген. Оқушы ата-анам мектепке келмейді бағаларымды білмейді дегеннен құтылады. Себебі көптеген жұмыс орындарында, үйде интернет барлық жанұяларға дерлік қолжетімді.

## РЕЗЮМЕ

Наши ученики берут знания в школах – они будущее государство, надежда каждой семьи на будущее. Но в это рыночное время не все родители могут полностью проконтролировать, уследить успеваемость своих детей. Связь между школой и родителями должна быть максимально тесной на высшем уровне. Бывает что успеваемость ребенка значительно понижается. Для того чтобы эти данные были доступны для каждого родителя в нынешнее время есть сеть интернет.

Ученик у которого нет контроля от взрослых очень уязвим. Без родительского надзора ребенок обычно пропускает занятия и не добывая знания может встать на неправильный путь, а ученикам которые под школьным контролем, у которых родителям не безразлична судьба и будущее своих детей – можно вовремя помочь. Ведь знание и воспитание – тесно связанные понятия.

Цель этой диссертационной работы – во первых, с помощью сети интернет создать базу данных об успеваемости ученика, в том числе результаты: экзаменов, готовности к олимпиаде, готовности учащихся 11-х классов к ЕНТ, у которой будет легкий доступ к базе данных родителей и самих учащихся везде.

Чтобы достичь цели сделан веб-сайт с помощью таких программ как HTML, PHP и MY SQL. На сайте кроме выше перечисленных результат-данных можно пройти онлайн тест экзамен и узнать на сколько усвоил урок по прошедшим темам.

В нынешнее время очень быстро прогрессирует компьютеризация. Дети проявляют большой интерес и очень быстро усваивают компьютер и интернет. Задача учителей как можно максимально использовать этот интерес в процессе знания.

Во-вторых, цель диссертационной работы – чтобы среда интернет для учеников не оставалась, не ограничивалась только для переписки и игр, но и средой для оченивания своих знании. Учащиеся избавятся от мысли, что родители ничего не узнают, ведь интернет сейчас очень распространен на рабочих местах и домах.

## ABSTRACT

Our pupils take knowledge at schools – they future of state, hope of each family in the future. But in this market time not all parents can check, follow completely educational progress of the children. Communication between school and parents has to be the closest top-level. Sometimes the learning or studying progress of the child considerably goes down. In order that these data were available to each parent in present time there is an Internet.

The pupil who has no control from adults is very vulnerable. Without parental supervision the child usually skips classes and without gathering additionally knowledge can follow the wrong way. To students who under the control at school at which to parents the destiny and the future of the children aren't indifferent – it is possible to help in time. After all, knowledge and education – closely connected concepts.

The purpose of this dissertation work – first, by using the Internet to create a database of students' progress including: examination results, preparation for the Olympiads, readiness of pupils of the 11th classes for ENT which will have an easy access to a database of parents and pupils everywhere.

To succeed the website by means of such programs as HTML, PHP and MY SQL is made. On a site except above listed result data it is possible to take online test examination and to learn on how many I acquired a lesson of last subjects.

In present time the computerization very quickly progresses. Children show a great interest and very quickly acquire the computer and the Internet. Task of teachers as it is possible to use as much as possible this interest in the course of knowledge.

Secondly, the purposes of dissertation work – that the Internet mustn't be limited only for correspondence and games, but also environment for giving marks for the knowledge. Pupils will get rid of thought that parents learn nothing, after the entire Internet is now very widespread on workplaces and houses.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	7
1.Электрондық оқыту мәселелері .....	9
1.1 Электронды оқыту дегеніміз не?.....	9
1.1.1 Оқу үрдісін автоматтандыру жүйесі керек пе? .....	10
1.1.2 Қашықтықтан оқытудың пайдалары .....	11
2. Жүйені жобалау және құру мәселелері.....	12
2.1 Интернетжелісі туралы жалпы түсінік.....	12
2.1.1 Интернеттің негізгіқосымшалары.....	13
2.1.2 Көру жабдықтары .....	14
2.2 HTML .....	15
2.2.1 HTML тілінің атқаратын қызметі .....	15
2.2.2 HTML командалары .....	15
2.2.3 Тег атрибуттары.....	16
2.2.4 Түсініктемелер .....	16
2.2.5 HTML құжатының құрылымы. Құжаттың функциональдық бөлігі мен негізгі бөлігі .....	16
2.2.6 Құжаттың функционалдық бөліктерін анықтау .....	17
2.2.7 Мәтін фрагменттерін логикалық стильмен безендіру .....	18
2.3 PHP және MYSQL .....	20
2.3.1 Мәліметтер базасы туралы жалпы мәлімет .....	22
2.3.1.1 Бүгінгі күнгі мәліметтер базасы .....	22
2.3.1.2. Мәліметтер базасының кең түрде қолданылуының алғы шарттары .....	23
2.3.2 Мәліметтер базасын пайдаланушылар.....	23
2.3.2.1Пайдаланушылар категориялары .....	23
2.3.2.2 Мәліметтер базасы әкімшілігінің функциялары.....	24
2.3.2.3 Мәліметтер базасы администраторының байланыстары.....	26
2.4 МОДУЛЬДЕР .....	27
2.4.1 АДМИНИСТРАТОР МОДУЛІ .....	27
2.4.1.1 Жалпы білім беру туралы ақпарат .....	28
2.4.1.2 Сұрақ банкі .....	32
2.4.2 Мұғалімдер модулі .....	34
2.4.3Оқушының жалпы білімимодулі.....	36
2.4.3.1 Олимпиада .....	37
2.4.3.2 ҰБТ нәтижелері.....	38
2.4.3.3 Online сынақ.....	38
ҚОРЫТЫНДЫ.....	40
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	41
Қосымша 1 - Жалпы білім беру модулінің бағдарламалық коды: .....	42
Қосымша 2 - Олимпиадаға дайындық деңгейінің бағдарламалық коды:.....	46
Қосымша 3 - Онлайн тест құрастыру модулінің бағдарламалық коды:.....	53

## КІРІСПЕ

Еліміздің ертеңі –білімді жастардың қолында. Қоғам дамуымен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісі де үздіксіз даму үстінде. Күннен күнге ғылым мен техниканың дамуы, көптеген жаңа технологиялардың пайда болуы ұстаздар қауымын мардымсыз ізденуге итермелеуде.

Қазіргі таңда көптеген дамыған елдерде электрондық оқыту жүйесі, оқушылардың бағасын электронды ортада беру, ата-аналардың балаларының оқу үлгерімдерін қашықтықтан бақылау жүйелері қолданыста.

Соңғы жылдары елімізде білім беру саласын түбегейлі жаңғырту бағытында маңызды қадамдар жасалуда. Соның бірі - 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік білімді дамыту бағдарламасына сәйкес енгізілген Ұлттық электронды оқыту жүйесі.

Е-Learning электронды оқыту бағдарламасы Елбасының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі 2010 жылдан бастап іске асырылып келе жатқан Білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

2011-2020 жылдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес республикада Е-Learning электронды оқыту жүйесін енгізу көзделген. 2015 жылға электронды оқытумен білім беру ұйымдарының 50 пайызын қамту, 2020 жылға көрсеткішті 90 пайызға дейін жеткізу мақсаты қойылған. Электронды оқыту Е-Learning жүйесі жаңа ақпараттық қатынастық технологиялардың кең мүмкіндігі арқылы жалпы орта білім берудің көптеген маңызды мәселелерін шешуге ықпал етеді. Атап айтсақ:

- Оқыту үшін аумақтық шектеудің болмауы;
- Оқытудың өзіндік ырғағын таңдау мүмкіндігі;
- Оқытудың алуан түрлі құралдары мен әдістері;
- Жоғары сапалы материалдарға қол жеткізу.

Е-Learning жүйесінің ерекшелігі, ол алыс аудандардағы білім берудің сапасын арттыруға, қала мектептері мен ауылдағы мектептердің білім деңгейін теңестіруге мүмкіндік береді. Е-Learning бүгінгі күні оқытудың басым түрлерінің бірі болып танылады, ол әлемнің көптеген елдерінде білім беру жүйесіне енгізілген.

Бұл жүйенің артықшылықтары неде?

Электронды оқыту жүйесі еліміздің білім саласын жаңа сатыға көтереді. Өйткені, бүгінде әлемнің дамыған елдері түсіндіру, жеткізу қағидаттарына негізделген дәстүрлі оқыту жүйесінен бас тартып, электронды оқытуға көшкен. Электронды оқыту әдістемелері ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім бағдарламасын толыққанды меңгеруге жол ашады. Бұл педагогикалық үрдіске тың серпіліс әкеледі. Яғни, оқушының белсенділігі артады. Жүйенің тағы бір артықшылығы – электронды оқыту енгізілген мектептерде оқушылардың білім деңгейі мен үлгеріміне қатысты мәліметтердің бәрі компьютерлік базаға енгізіліп, ата-аналардың кез келген уақытта балаларының білімі туралы интернет арқылы хабардар болып отыруына жол

ашады. Бұл, әсіресе, жұмыстан қолы босмайтын, мектептегі жиналыстарға бас сұқпайтын ата-аналар үшін тиімді болмақ.

## 1.Электрондық оқыту мәселелері

### 1.1 Электронды оқыту дегеніміз не?

Электронды оқулық дегеніміз — мультимедиялық оқулық, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуға тиіс. Электронды оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Себебі, оқушының өзіне көрнекілік қолданған тиімді қажет элементінің жанында жазуы болады.

Электронды оқыту бейне, аудио, мультимедиа технологиясы мен олардың әр түрлі комбинацияларын енгізуге байланысты болып отыр.

Электронды оқытудың негізгі мәселелері ақпараттық-коммуникативтік технология негізінде ақпараттық білім беру ортасын құру және оны тиімді пайдалану болып табылады.

Электронды оқулық мынандай жағдайларда тиімді: кері байланыспен лезде қамтамасыз ете алады; гипермәтіндік түсініктемелердің көп рет қолданған кезде уақытты үнемдейді; белгілі бір бөлім бойынша білімді тексереді; қысқа мәтінмен көрсете, айта және модельдей алады.

Электронды оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: "Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту". Білім берудің кез келген саласында "Электрондық оқулықтарды" пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін калыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай ақпараттандыру арқылы жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды.

Осылайша ақпараттық технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады.

Электронды оқытудың технологиялық құралдарын былайша топтастыруға болады:

1. Аппараттық құралдар, мультимедиялық бағдарламалар және Интернет.
2. Электронды оқытуды әзірлеудің бағдарламалық құралдары.
3. Оқу үрдісін басқарудың ақпараттық жүйесі.

### **1.1.1 Оқу үрдісін автоматтандыру жүйесі керек пе?**

Қазіргі таңда қоғамда қалыптасып отырған ахуал бәрімізге мәлім. Ата-ана жұмыс жұмыс деп баланың оқуына қарауына, мектепте не болып жатыр, баланың тәртібі қалай екенін байқауға қадағалауға уақыты жоқ. Сынып жетекшісі ата-анаға телефон шалса әртүрлі сылтау айтып мектепке келмеудің амалын жасайды. Осы сияқты қоғамда қалыптасып отырған проблемаларды шешудің жолдарын қарастырауымыз керек. ХХІ ғасыр техниканың технологияның ғасыры. Барлық мектептер компьютермен қамтылуда. Әр үйде дерлік дербес компьютер бар. Интернет желісі әр үйге қол жетімді. Осы технологияларды қолдана отырып қазіргі таңда ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты орнатуға тырысу керек. Ол үшін ата-анаға өзінің баласы туралы мәліметті: сабағы, әр пән бойынша оқу үлгерімі, сабақтан қалған күндері, мектепте болмаған күндері, олимпиада жетістіктері, тәрбиесі, егер 11 сынып оқушысы болса ҰБТ емтихандарының анализдері сияқты қажетті мәліметтерді онлайн режимінде ұсыну керек.

Бұл жүйені қолдану бізге:

1. Оқушыларға сабақта берілген материалдардың әрдайым электронды түріне қолжетімді болуы, ұжымдық үйренуге, қосымша материалдармен байытыла отырып кез-келген жерден қолжетімді болуы
2. Оқушылардың өз білім деңгейлерін электронды түрде анализімен бақылай алу мүмкіншілігіне ие болуы
3. Мұғалім электронды оқулықты басшылыққа ала отырып үйретуі материалдың толықтай игерілуіне мүмкіндік жасайды. Ұмыт қалған жерлері оқушылардың өзіндік дайындықтары арқылы толықтырылады.
4. Сабаққа белгілі себептермен келе алмаған оқушылар үйден осы материалдарға қол жеткізіп, көштен кері қалып қоймайды.
5. Электронды журнал арқылы берілген бағаларды оқушылар және ата-аналары үйде интернет желісін қолдану арқылы бақылай алатын болады.
6. Ата-ана сабақтардан бағаларын, сабақ кестесіндегі өзгерістерді, үйге берілген тапсырмаларын орындап орындамағанын, сабаққа қатысу және сапасын бақылайды, оның мектептің қоғамдық өміріндегі жетістіктері жайлы мағлұмат алып отырады. Сонымен оқушылардың бағалары туралы мәліметті SMS немесе e-mail жүйесі арқылы қалыпты алып отыра алады.
7. Мәліметтердің ашықтығы, ата-аналармен ұстаздар мектеп арасындағы байланысты нығайту және т.б.

### **1.1.2 Қашықтықтан оқытудың пайдалары**

Қазіргі кезде компьютерлік дамудың кең қолданысқа алынуына байланысты, қашықтықтан білім алу үшін Интернетті пайдаланып қашықтықтан оқыту жүйелерінде оқытушылар мен тыңдаушылардың бір арнада жұмыс атқаруы бастапқы мақсат. Осы мәселеге байланысты қашықтықтан оқыту жүйесінде атқаратын іс-шараларды білуіміз шарт.

Қашықтықтан оқыту – информациялық және коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ара-қашықтықтағы немесе жартылай ара-қашықтықтағы оқытушы мен оқушының арасындағы қарым-қатынас деп түсінуге болады. Қашықтықтан оқытудың жаңа технологиялық бірлестігі дәстүрлік оқумен салыстырғанда, артықшылығы өте көп. Солардың ішінде мыналарды атауға болады:

1. Әрбір студент өзіне толық комплектілі оқулықтарын алады. Оның құрамына әдістемелік оқу комплекстері кіреді.
2. Қашықтықтан оқыту сынақтары мен емтихандары компьютерлік тест-тендіру арқылы тапсырылады.
3. Қашықтықтан оқуда студент келмей-ақ, өз жұмыс орнында отырып оқуына болады. Сыртқы бөлімдегі студенттерге тұратын жердің төлем ақысы мен жол ақысын өз мойнына алып, жылына екі рет қалаға келу міндетті.
4. Қашықтықтан оқыту өзінің сапалық жағынан, студентке тура жеткізу мақсатында, жақсы әдістемелік қамтамасыз ету және ақпараттық технологияларды кең пайдаланудың арқасында күндізгі бөліммен бәсекелесе алады.
5. Қашықтықтан білім алу бастапқы да, және толықтыратын білімге де ең тиімді оқу болып табылады. Мысалыға, күндізгі бөлімнің студенті университеттің бір факультетінде оқып жатып, ОҚМУ-ң қашықтықтан білім алу жүйесінің тағы бір басқа мамандығында оқуына болады.
6. Қашықтықтан білім алу мектеп кітапханасының әдебиетердің көбейюін және ақпараттық технологияға ендіруін талап етеді.

## 2. Жүйені жобалау және құру мәселелері

### *2.1 Интернет желісі туралы жалпы түсінік*

Жиырмамыншы ғасырдың аяғында пайда болған Интернет қазір жер шарының әр түкпірін байланыстырып сан алуан адамдарды, елдер мен құрылқтарды біріктіріп отыр.

Интернет 1960 жылдары АҚШ-та дүниеге келді. Оны соғыс бола қалған жағдайда бір-бірімен телефон арналары арқылы қосылған компьютер желілерімен байланысып отыру үшін АҚШ-ның орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан. Алпысыншы жылдардың аяғында Пентагон ядролық соғыс бола қалғанда компьютер желісінің үзілмеуі үшін арнайы жүйе жасады, тәжірибенің ойдағыдай жүргізілу барысында ARPA net желісі пайда болып, ол Калифорниядағы және Юта штаты зерттеу орталықтарындағы үш компьютерді ғана біріктірді. Кейін ARPAnet бейбіт мақсатқа қызмет етті, оны негізінен ғалымдар мен мамандар пайдаланды. Сексенінші жылдардың басында Интернет деген термин пайда болды. Бұл ағылшынның халықаралық желі деген сөзі. 1990-шы жылдары Интернетке енушілер саны күрт өсті, ал 2000 жылы оған 5 млн компьютер қосылып, пайдаланушылар саны 200 миллионнан асты. Интернеттің мүмкіндігі шексіз. Тағамыңыз бен көңіл күйіңізге қарай одан сізді қызықтыратын көп нәрсе табуға болады. Үйден шықпай газеттің тың номерін парақтағыңыз келеме, мейіліңіз, тек WWW немесе Web деп аталатын әлемдік шырмауықты қолдансаңыз жетеді. Гиперсілтеме жүйесі арқылы қажетті басылымыңызды санаулы минуттар ішінде тауып аласыз. Планетамыздың кез келген нүктесіндегі ауа райын, ақпараттық агенттіктің соңғы жапалықтарын білгіңіз келсе Интернет жардем беруге азір. Шалғай елдерге сапар шексеңіз сізге қажет елмен, қаламен, қонақ үймен таныса аласыз. Интернеттен ғалым да, бизнесмен де, компьютерлік ойын әуесқойы да, бәрі-бәрі қажет ақпарат таба алады. Интернет күнделікті тұрмыс пен жұмыстың айнымас құралына айналып келеді.

Интернеттің негізі АҚШ-да жасалғанымен, оның нақты қожайыны жоқ. Әрбір үкімет, компания, университет ақпараттық қызмет ұсына отырып, бұл желінің тек қана өз бөлігіне иелік жасайды.

Алайда, Интернетке жеке дара ешкім де қожалық жасай алмайды. Сондықтан ол шын мәнінде адамзаттың әлемдік қазынасы болып табылады.

### 2.1.1 Интернеттің негізгі қосымшалары

**E-mail (Electronic Mail)** -электрондық почта. Желі тұтынушылары арасында мәлімет алмасу ісін жүзеге асыратын қызмет жүйесі. Ол арнайы почта программалары көмегімен жүзеге асырылады, мысал ретінде, Outlook Express программасын атауға болады. Оның көмегімен сіз санаулы минуттар ішінде хабарды жеткізе аласыз. Ол үшін клавиатурада тиісті хабар мәтінін теріп, белгілі электрондық адреске жіберсеңіз болғаны. Осынау тәсілдеме арқылы достарыңызбен, әріптестеріңізбен араласуға болады.

#### E-mail адрестік құрылымы:

есім@ мекеме.домен

Мысалы:

common@pushkinlibrary.kz

dina\_m@mail.kz

**Usenet** - бір-бірімен жаңалықтар алмасып отыратын бейкоммерциялық, бейформалдық, дәлірек айтқанда анархиялық жүйелер тобы. Белгілі бір серверде кездеседі.

Usenet – тегі жаңалықтар тобы – дүние жүзіндегі адамдардың пікірлесетін, яғни ақпарат алмасуына арналған электрондық пікірталас топтары. Мұндай жаңалық топтарында белгілі бір тақырыпқа арналған көптеген мақалаларды оқуға болады, олар әртүрлі тақырыптарды талқылауға да арналады. Usenet-тегі жаңалықтар ретінде оқыған мақалаңызға жауап беруге және өз ойларыңызды мақала ретінде жариялауға болады (тақырыптар түрлі)

**FTP (File Transfer Protocol)**- Файлдарды жіберу протоколы– бұл көбінде үлкен көлемдегі файлдарды жіберу кезінде қолданылатын Интернеттің қосымшасы. FTP көмегімен кез келген файлдарды жіберуге және қабылдауға болады.

**Чат (IRC –Internet Real Chat)** –Интернеттің тағы да бір қосымшасы, желіде нақтылы уақытта интерактивті сұхбаттасу. Әңгімелесушілер бір-бірімен өз компьютерлеріндегі клавиатурада сөздерді теріп жібереді және ол сіздер бірнеше секундтардан кейін сұхбаттасушыларға монитордан көрінеді, осындай тәсілмен әңгімелесулеріне болады.

#### **World Wide Web (WWW немесе Web) - гипермәтіндік құжат**

Интернет мәліметтерін жеңіл көруге болатын графикалық интерфейс мүмкіндігін береді.

Web- тің әр бетінің басқа парақтармен байланысын көрсететін сілтеме белгілері бар, оны бір-бірімен байланысқан парақтардан тұратын өте үлкен кітапхана деуге болады. Бір тораптық компьютерде орналасқан мәліметтер Web кітабы секілді, ал оның беттері кітап парақтарын көзге елестетеді. Бұл беттердегі мәліметтер дүниенің кез келген нүктесінде орналаса береді. Солар арқылы жер шарындағы барлық серверлік компьютерлердегі ақпараттар көз алдыңызда орналасады, мұнда қашықтағы-қымбат, жақындағы-арзан деген ұғым жоқ, олардың бағасы тек мәліметтің көлеміне немесе сіздің байланысып отырған уақытыңыздың ұзақтығына байланысты.

тәрізді, әрбір беттің URL (Universal Resource Locator) форматында берілген өзіндік адресі болады. Ол беттердегі мәліметті оқу «көру жабдықтары» деп аталатын арнайы программалар арқылы орындалады.

### **2.1.2 Көру жабдықтары**

Веб парақтардағы мәліметтерді оқу «көру жабдықтары» деп аталатын арнайы программалар арқылы орындалады, ол «to browse» парақтау, қарау деген ағылшын сөзінен шыққан атау. Интернеттегі Web- парақтарын оқып, экранда көрсетуге арналған программалардың кең тараған түрлері Microsoft Internet Explorer, Netscape Navigator.

## **2.2 HTML**

HTML гипертекстік тілін 1989 жылы World Wide Web гипертекстік жүйесін бөлудің өңдеу технологиясының компоненттерінің бірі ретінде Тим Бернер – Ли ұсынғаны белгілі. Гипертексті бөлу негізіне құжаттың әрбір элементі тегтерімен қоршаған элементтердің жиынтығы түрінде көрсетуге болатын құжатты сипаттаудың тегтік моделі жататын болған. Өзінің мәні бойынша тегтер программалау тілдеріндегі «BEGIN / END» жақша ұғымдарына жақын және локальды айнымалылардың HTML аттарының арасындағы амалдардың облысын білдіреді, құжаттағы текстік элементтерді түсіндіру ережелерінің амалдарын анықтайды және т. б.

### **2.2.1 HTML тілінің атқаратын қызметі**

Web – парақтары экранда ықшам түрде безендіріліп, көрсетілгенмен, HTML тілі мәтіндерді пішімдеп көрсететін тілге жатпайды. Өйткені әрбір тұтынушы әртүрлі компьютерлерді пайдаланады. Сол себепті жаңа ғана зауыттан шыққан бір компьютердің Windows жүйесінде жұмыс істей алатын броузері бар болса, екінші бір тұтынушы компьютері тек MS DOS жүйесінде жұмыс істейтін ескі броузерді пайдалануы мүмкін. Бұл екеуінің көрсету мүмкіндіктері әртүрлі болғандықтан, бір файл екеуіне 2 түрлі болып көрсетіледі. Ал үшінші компьютердегі Web – парақтың мәтіндері зағиптарға арналған. Брайль қаріптері арқылы берілсе, оның нәтижесі тіпті басқаша болады. Құжаттарды әртүрлі тұтынушының әртүрлі құрылғыларда және әртүрлі броузер программалармен көретіндіктерін ескерсек, HTML тілін мәтіндерді форматтау тәсілдерін жазуға арналған тіл деп атауға болмайды. Ол Интернеттегі мәтін бөліктерінің атқаратын қызметін анықтап, соларды әрбір тұтынушыға бейімдеп жеткізе алатын құжатты функционалды түрде белгілейтін тіл болып табылады.

### **2.2.2 HTML командалары**

HTML тілінің бастапқы мәтінді белгілейтін командалары тег (tag) деп аталынады. Тег символдар тізбегінен тұрады. Барлық тег «кіші» (<) символдарынан басталады да, «үлкен» (>) символымен аяқталады. Осындай қос символ тізбегі бұрыштық жақшалар деп те аталады. Ашылатын бұрыштық жақшадан соң команда аты болып табылатын түйінді сөз – тег орналасады.

HTML тіліндегі әрбір тег бір арнаулы қызмет атқарады. Олардың жазылуында әріптер регисторы ешбір роль атқармайды, бас әріпті де, кіші әріптерді де қатар қолдана беруге рұқсат етілген. Бірақ тег атауларын жай мәтіннен айыру мақсатында оларды бас әріппен жазу қалыптасқан. HTML тілінің бір тегі әдетте құжаттың белгілі бір бөлігіне, мысалы бір абзацқа ғана әсер етеді. Осыған орай екі тег қатар қолданылады. Бірі – ашады, екіншісі – жабады. Ашатын тег белгілі бір әсер ету ісін бастайды, ал жабатын тег сол әсерді аяқтайды. Жабу тегтері қиғаш сызық символымен басталуы тиіс.

Кейбір тегтер өз жазылу орнына қарай тек бір ғана әсерін тигізеді. Мұндайда жабу тегі қажет болмай қалады да, ол жазылмайды. Егер тег ретінде HTML тілінде қолданылмайтын түйінді сөз жазылып кетсе, онда оның ешбір әсері болмайды. Броузер арқылы құжат экранда көрсетілген жақта тегтердің өздері бейнеленбей, тек олардың құжат мәтініне тигізетін әсері ғана бөлініп тұр.

### 2.2.3 Тег атрибуттары

Көбінесе ашылу тегтерінің тигізетін әсерлерін түрлендіретін олардың атрибуттары болады. Атрибуттар немесе сипаттамалар - тег атауының және бір бірінен бос орын арқылы бөлініп жазылатын қосымша түйінді сөздерден тұрады. Кейбір атрибуттар оның мәнін жазуды талап етеді. Атрибут мәні оның түйінді сөзінен теңдік белгісі (=) арқылы бөлініп жазылады. Атрибут мәні қостырнақшаға алынып жазылуы тиіс, бірақ кейде қостырнақшаны жазбауға да болады.

### 2.2.4 Түсініктемелер

Программалау тілдерінде түсінік беретін сөздер – комментарийлер жазылатыны сияқты мұнда да программаның орындалуына еш әсер етпей, оны түсінуді жеңілдететін түсініктеме мәтіндер жазып отыруға болады. HTML тілі комментарийлері арнайы символдардан басталады да, түсінік беретін мәтін осыған жалғаса жазылады.

### 2.2.5 HTML құжатының құрылымы. Құжаттың функциональдық бөлігі мен негізгі бөлігі

HTML құжаты сол құжаттың негізгі мәтіні мен белгілі тегтер деп табылады. Сондықтан оны құрастыру үшін жай мәтіндік редакторды, Windows ортасындағы блокнотты пайдалана беруге болады.

1. HTML құжатының кез-келгені `<html>` тегінен басталып соған сәйкес жабылу `</html>` тегімен аяқталады.
2. Осы екеуінің ортасында құжаттың тақырыптың бөлігі мен тұлғасы болып келетін негізгі бөлігі орналасады. Құжатың тақырыптық бөлігі `<head>` типтерінің ортасында тұруы, жалпы құжат туралы мәлімет береді. Әдетте бұл бөлікті `<title>` тегтерімен шектелетін құжаттың ресми атауы орналасады. Бұл атау терезе тақырыбында тұратын функцияның аты.
3. Жазылатын мәтін құжат тұлғасы деп аталатын `<body></body>` тегінің ортасында жазылады. Осы айтылған 4 тег HTML құжатының кез-келгенінде болуы тиіс.

Мысалы: `<html><head><title>` құжат тақырыбы `</title>`

`</head>`

`<body>`

бұл мәтін экранға шығады.

`</body>`

`</html>`

## 2.2.6 Құжаттың функционалдық бөліктерін анықтау

1. HTML тілі құжаттардың ішкі тақырыптарының көлеміне қарай 6 түрлі деңгейін жасай алады. Олар: `<h1>...</h1>` `<h6>...</h6>` жалғасады.
2. Жаңа жолдан басталатын абзацтарды белгілеу үшін `<p>` тегі қолданылады. Бір абзацты жаппай жаңа абзацты бастап кетсек, алдыңғы абзац автоматты түрде жабылады. Сондықтан `<p>` тегін жаппаса да болады. HTML тілінде азат жолдан басталмайды, тек абзацтар арасында бір бос жол қалдырылып кетеді. Көбінесе абзацтарды анық етіп бөліп тұру үшін көлденең горизонталь сызық қойылады. Көлденең сызық қою `<hr>` тегімен орналастырылады. Оның жабу тегі болмайды.
3. Сөз арасында қойылған бірнеше бос орынның тек біреуі ғана көрініп тұрады. Сол сияқты келесі қатарға көшіретін Enter пернесі де HTML тілінде ешбір әсер етпейді. Егер абзац жасап бос жол қалдырмай жаңа жолға көшу қажет болса, онда жалғыз қолданатын `<br>` тегін пайдаланамыз.

Қаріп (шрифт) стилдерін басқару. Логикалық стильдер

HTML 4.0 нұсқасынан бастап кез-келген құжатты әдемілеп әшекейлеу ісін сол құжаттан бөлек жасау мүмкіндігі пайда болды. Алайда бұл концепция тек байқау сипатына ие болып отыр. Және оны көптеген браузерлер арқылы жасауға болмайды. Сол себепті HTML тілінде тек ғана тегтер бар.

1. Әріптің мөлшерін, түсін және сызылымын таңдап алу үшін `<font>` тегін пайдаланамыз. Бұл қосарланған тег оның ашылған және жабылған тегтер арасында орналасқан барлық мәтінді түрлендіруге болады. `<font>` тегінде қолдануға болатын `size=...`, `color=...`, `face=...`, тәрізді, 3 атрибутының ең болмағанда біреуі тұруы тиіс: 1-ші атрибуты әріптің мөлшерін тағайындайды. Әріптің алдын-ала берілетін 7 түрлі көлемі бар. Олар :1-7 сандар. Егер сан көрсетілмесе келісім бойынша 3-ке тең деп саналады. `color=` — әріптің түсін таңдау мүмкіндігін береді. `face=` — қаріп (шрифт) типін береді. Осы атрибуттың мәні компьютерде орнатылған қаріп атының біріне сәйкес келуі керек.

Мысалы:

```
<body>
```

Алдарыңызда

```
<font color="yellow" face= arial size="4">
```

төртінші мөлшермен arial типімен аталған сары түсті әріптер.

```
</font>
```

```
</body>
```

2. Осы параметрдің барлығын бүкіл құжат үшін бірден беру қажет болса, онда

`<base font>` бір ғана тег пайдаланылады. Бұл тегте де жоғарыда көрсетілген атрибуттарды пайдаланылады. Олар қаріп түрін, мөлшерін, түсін анықтайды.

3. Тегтердің тағы бір арнайы тобы қаріптің сызылымын өзгерту мүмкіндігін береді.

`<b>` және `</b>` тегтері араларында орналасатын мәтін қарайтылған қаріпке ауысады.

<i> және </i> тегтері қаріптерді курсивпен береді.  
<u> және </u> тегтері мәтіндердің астын сызады , <s> және </s> тегтері белдерінен сызылған символдарды бейнелейді.

Мысалы:

```
<html>
<head>
</head>
<body>
<base font size=5 face="Arial kz ">
негізгі қаріп Arial kz типінде 5-ші мөлшермен жазылған.
<p><font size=-2 face="Times New Roman Kz " color="green">
</font>
<p><b>қарайтылу</b>
<p><i>курсивті</i>
<p><u>астын сызу</u>
<p><s> белінен сызу </s>
</body>
</html>
```

### 2.2.7 Мәтін фрагменттерін логикалық стильмен безендіру

Логикалық стильдер <b>, <i>, <u> тегтері сияқты сөздерді ерекшелеп көрсетеді. Олар программа мәтінін жазғанда немесе цытаталар келтірілген кезде қолданады. Логикалық стильді пайдалану кезінде браузер экранға не шығаратынын айту қиын. Әртүрлі браузерлер экранға логикалық стильмен берілген символдарды әртүрлі етіп шығаруы мүмкін. <EM>...</EM> акцент сөзінен шыққан яғни курсив түрінде берілетін мәтін бөлігін қоршап тұратын белгілер болып табылады.

<strong> ...</strong> күшті акцент деген сөзден шыққан мәтін ішіндегі қарайтылған қаріп болып көрсетіледі.

<code>... </code> программа мәтінін көрсету үшін қолданатын стиль түрі.

<samp>... </samp> ағымның –мысал, үлгі деген сөзі, программа жұмысы нәтижелерін ендері бірдей моношрифт түрі экранға шығарарда пайдаланылады.

<KBD>...</KBD> ағымның keyboard пернетақта қысқаша сөзі пернелерден енгізілген сөз тіркесін көрсету мақсатында қолданамыз.

<var>... </var> ағымының variable айнымалы сөзі программадағы айнымалы аттарын жазу үшін енгізілген стиль түрі, қисайтылған курсивке ұқсас қаріп түрі.

Мысалы:

```
<html>
<head>
<title> мысал </title></head>
<body><center>
<h2> мәтін фрагментін белгілеп ерекшелеу тәсілдері </h2>
<p> мәтінді төмендегідей түрде ерекшелеуге болады <br>
```

```
<hr><b> қарайтылған қаріп </b><br>
<i> қисайтылған курсив </i><br>
<u> астын сызу </u>
<p> мәтінді қаріптеу арқылы логикалық стильде жазу
<hr>
<h3> логикалық стилдер </h3><hr>
<p><em> акцент сөзі </em>
<br>
<strong> күшті акцент </strong><br>
<code> программа мәтіні </code><br>
<samp> мысал </samp><br>
<KBD> KBD-клавиатура </BDD><BR>
<var> айнымалы сөзі </var></center>
</body>
</html>
```

### 2.3 PHP және MYSQL

PHP-бұл Web –серверге жіберілетін скриптердің көмегімен Web-беттерінің динамикалық генерациясына қажетті бағдарламалау тілі. Сіз бетті PHP және HTML-дің көмегімен ашасыз. Сайтты пайдаланушы бетті ашқанда, сервер html-код қосылған PHP операторларын орындайды және нәтижені пайдаланушының браузеріне жібереді. Бұл әрекет дәл осылай ASP және Cold Fusion-ның көмегімен жасалады. Дегенмен ASP және Cold Fusionға қарағанда, PHP ашық бастапқы кодты өнім болып табылады және платформалы тәуелсіз. PHP Windows NT және Unix-тің көптеген версияларында жұмыс жасайды. Ол Apache –дегі модуль ретінде жіберіле береді. Егер жіберілу Apache модулі түрінде болса PHP оңай және жылдам жұмыс жасайды. Бұл кезде процессті жасауға байланысты туындайтын қосымша шығындар болмайды. Сондықтан нәтижесі тез шығады және сервердегі сақтаудағы шығынды азайтатын mod\_perl-ді орнатудың қажеттілігі болмайды.

Сіздің құжат бетіңіздегі әртүрлі операциялардан басқа сіз PHP көмегімен HTTP-тақырыптарды қалыптастырып HTTP орната аласыз. Сонымен қатар аутентификацияны басқарып пайдаланушыны басқа бетке бағыттай аласыз. PHP берілгендер қорына еруге үлкен мүмкіндіктер ашады. Бұл сізге PDF құжаттарды инерациялаудан, XML-дегі грамматикалық талдауды жасауға мүмкіндік береді.

PHP операторлары сіздің бетіңізге Web-беттерді қойып береді, сондықтан арнайы ортада жүзеге асырудың қажеттілігі туындамайды. Сіз PHP-кодының блогын тегімен аяқтайсыз. Бұл тегтердің арасындағылардың барлығы PHP код ретінде интерпритацияланады. PHP тілінің синтаксисі Си және Perl синтаксисіне ұқсас келеді сіз ауспалыларды оларды пайдаланудан бұрын жарияламауыңыз керек. Массивтермен Хэмтер оңай жүзеге асырылады. Дегенмен PHP Apache құрылған жағдайда бәрінен жылдам жұмыс жасайды. PHP Web – сайтында оны Microsoft IIS және Netscape Enterprise Server орналастырудың реті бар. Егер сізде PHP ді орнатуға бағдарламалық қамтамасыз етудің көшірмесі жоқ болса, оны сізге ресми Web –сайттан ала аласыз. Ол жерден сіз PHP дің барлық ерекшелігі мен қызмет бейнеленген түсіндірілген жетекшілікті таба аласыз.

Соңғы он бес жылдары интернеттің қиял-ғажайып дамуы және адамдардың арасындағы қарым-қатынастың жаңа әдістерін белгіледі. Бұл құбылыстың алдыңғы өлкелеріне (WWW ) World Wide Webде болады. РНР тарихы 1995 жылдан тәуелсіз бағдарламашы (Rasmus Lerdorf ) Расмус Лердорф сайтта оның онлайндық резюмесін оқып шыққан келушілердің санын

есептеуге арналған Perl/CGI нің сценариын жазудан басталады. Оның сценариы екі есепті шешті : келушінің деректерінің тіркелуі және келушілердің санын — web бетке шығару. WWW дамыту әлі тек қана басталды, бұл есептерді шешуге арналған ешқандай да арнайы құралдар болмады, сондықтан авторға көп сұрақтар лап берді. Лердорф (Рнр ) Personal Home Page немесе (гипермәтін процессоры ) Hypertext Processor аталған өз құрал-сайманын тарата бастады. Лердорфаның Рнр құрал-сайманының шулы жетістігі Рнрдың кеңейтулерін өңдеуге әкеп соқты. Кеңейтулердің бірі HTML формада енгізілген мәліметтерді символдық айнымалыларға түрлендірді, осыдан оларды басқа жүйелерге шығаруға мүмкіндік берген. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Лердорф өңдеулерді жасауды ендігері Perl ден С-ге өтуге шешті. Сол кездегі Рнрдың құрал-сайманының кеңейтуі 2.0-ші Рнр пайда болуына, немесе (Personal Home Page Form Interpretator ) РНР-FІні келтірді. Дүние жүзінен бағдарламашылар 2.0 версияны жетілдіруге қатысты.

